



MATERIÁLY

XI MEZINÁRODNÍ VĚDECKO-PRAKTICKÁ KONFERENCE



MODERNÍ VYMOŽENOSTI VĚDY - 2015

27.01.2015 - 05.02. 2015

Díl 9

Filologické vědy



Praha
Publishing House
«Education and Science» s.r.o.



Vydáno Publishing House «Education and Science»,
Frýdlanská 15/1314, Praha 8
Spolu s DSP SHID, Berdianskaja 61 Б, Dnepropetrovsk

**Materiály XI mezinárodní vědecko - praktická konference
«Moderní vymoženosti vědy – 2015». - Díl 9. Filologické vědy.:
Praha. Publishing House «Education and Science» s.r.o - 104 stran**

Šéfredaktor: Prof. JUDr Zdeněk Černák

Náměstek hlavního redaktora: Mgr. Alena Pelicánová

Zodpovědný za vydání: Mgr. Jana Štefková

Manažer: Mgr. Helena Žákovská

Technický pracovník: Bc. Kateřina Zahradníčková

XI sběrné nádobě obsahují materiály mezinárodní vědecko - praktická konference «Moderní vymoženosti vědy» (27 ledna - 05 února 2015 roku) po sekcích Filologické vědy.

Pro studentů, aspirantů a vědeckých pracovníků

Cena 270 Kč

ISBN 978-966-8736-05-6

© Kolektiv autorů, 2015
© Publishing house «Education and Science» s.r.o.

OBSAH

FILOLOGICKÉ VĚDY

METODIKA VYUČOVÁNÍ JAZYKU A LITERATURY

Анісімова І.М. Опрацьовування лексичного і граматичного матеріалу та контрольні завдання для перевірки знань	3
Анисимова И.Н. Использование активных форм и методов обучения на занятиях по иностранному языку	5
Кереева Н.Ж. Өзге ұлт мектептерінде қазақ тілін тілін оқыту	7
Ташаева Г.К. Қазақ тілі мен әдебиеті сабактарында сын түрғысынан ойлауды қолдану.....	11
Туребекова Р.С. Развитие аудирования на занятиях по РЯ	15
Хайрушева Е.Е. Ведущий вуз Республики Казахстан.....	17
Алексеева Н.Ю., Смущенко И.А. Упражнения на послетекстовом работы с текстом на иностранном языке при обучении студентов неязыкового ВУЗа.....	19
Скарлупіна Ю.А. La démarche interculturelle dans l'enseignement des langues étrangères assisté par les nouvelles technologies	21
Рахиметолла Б.Р. Сыни түрғыдан ойлау мен жазу арқылы окушы танымын арттыру.....	26
Лазухина Л.В. The problems of professionally-oriented foreign language teaching at non-linguistic faculties.....	31
Серикбаева Н. Қазақ тіліндегі мақал – мәтелдердің зерттелу жайы.....	34
Дмитриенко Ю.Н. Культурологический подход к преподаванию русского языка как иностранного	37

RÉTORIKA A STYLISTIKA

Шахбанова П.А. Средства выражения прямого волеизъявления в даргинском языке в сопоставлении с русским	40
Жанузакова К.Т. Структуралистік мектеп ерекшеліктері	44
Жанузакова К.Т. Жанрлар теориясы мен зерттелуі	46
Салқынбаев М., Атабай Б. Қазақ әдебиеті және жәдитшілдік	49
Еманова С.Б., Бекмаханбет И.С. Қожа Ахмет Яссави хикметтері-тәрбиенің қайнар көзі	54
Кунанбаева М.М. Художественная деталь как выражение имплицитности	57
Мусырманова С.А. Прагматические функции образных стилистических приемов	59
	99

Салқынбаев М., Атабай Б.

ӘЛ-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценттері/Қазақстан

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ЖӘНЕ ЖӘДИТШІЛДІК

Қазақ әдебиетінің сан ғасырлық қалыптасу, даму жолы – басқа халықтардың рухани мәдениегімен диалог түрінде өркендер келе жатқан процесс. Ұлттық әдебиеттің өзге әдебиеттермен байланысын сөз қылғанда қазіргі уақытта қалыптасқан тәуелсіз көзқарас тұжырымдарына жүгініміз керек. Ол бойынша әрбір мәдениет басқа мәдениет тәжірибесін өзіне пара-пар, лайық деп қарастырмай, өзіндік болмысын ұлғайту мүмкіншілігі деп те қарастырған жөн. Мәдениеттер диалогы мәдениетті байытады, өйткені ол катынас дамудыдың шегі емес, керісінше қай халықтың болсын әдеби, мәдени даму көкжиеғін көңейте түседі.

Ұлттық әдебиеттану ғылымында әлі де болса толық зерттелмей келе жатқан ортағасырлық ислам құндылықтарын айтпағанда, Алтын Орда дәуіріндегі қазақ жырауларынан XX ғасырдың басына дейінгі сөз өнеріміз, руханиятымыз дін қуаттайтын ғылыммен, дүниетаныммен суарылған, қанықкан. Тамыры тереңге тартқан осындай мәдени процесті отаршылдық саясат тұқыртуға, тіпті, мұлде жоюға күш салғаны жасырын емес. Дегенмен, қазақ арасынан сауатты, ел болашағы үшін ненің пайдалы, ненің зиян екенін пайымдай білген зиялыштар аз шықпағанына тарих куә. Алаштың мұндай оқығандарының XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы ұстанған бағыты ғылым мен білімнің көзі исламға бет бұры және оны жаңаша серпілту (жәдитшілдік) жолы еді.

Қазақ даласына бұл жол қырымдық татарлардың көрнекті ғалымы Ысмайыл Гаспиралының (Исмаил Гаспринский) «Тәржіманы» арқылы тартылды деуге болады [1]. Алаш қайраткерлері Батыс пен Шығысты тен ұстаған, ғылыми исламды өміріне азық еткен Исмаил Гаспринскийді ұлғі тұтты.

Оз халқын тұра жолдан тайдырмады ойлаған, елін жарқын болашаққа жетелеген Ә.Бекейханов, А.Байтұрсынов секілді патша өкіметінің саясатына карсы тұруға шақырган прокламация жазғанын үлкен ерлік деп бағалауымыз қажет. Қазақ зиялыштарының идеясы орыстандыру саясатына жасаған карсылықтары нақты фактілермен дәлелденген. Соның бірі 1902 жылы ендірілген «крестьян начальникі» жүйесіне, елдегі ресми мектептердегі араб тілі мен жазуын қолдануға тыйым салынуына карсылық білдіргендігі еді.

Біз қарастырып отырған кезеңдеі қазақ оқығандарын негізінен екіге белуге болады: біріншісі – «батысшылдар», яғни орыс әдебиетін оқып өскендер, батыс мәдениетімен халқын ағартқысы, елін көркейткісі келгендер, бұлар дінді екінші кезекке қойды. Екіншісі – «турікшілдер», бұлар – дінді бірінші кезекке қойып, ғылым, білім мен дінді біртұтас деп қарады.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қазақ ақындарының өлеңдерінен Ислам дінінің негізінде ғылым-білімді дамыту, халықты оқыту

деген Шаһабуддин Маржани, И.Гаспринскийлер негізін қалаған жәдитшілдіктің қазақ нұсқасын қалыптастыруға тырысқанын көреміз.

Жәдитшілдік бағыт негізін салушы Шаһабуддин Маржани болғанымен, қазақ оқығандары И.Гаспринский еңбектері мен окулықтарын пайдалану арқылы өз мақсаттарын жүзеге асыруға үмтүлді.

И.Гаспринскийдің осынау окулықтары, танымдық кітаптары, ағартушылық аудармалары ағартушының алдына қойған арман-мұддесінің үдесінен шыққанын көрсетеді.

Қазақ даласындағы бастауыш мектептердің даму тарихын өткен XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың алғашқы (1861-1930 ж. ж.) жартысындағы өтпелі кезеңдері мен әр түрлі құрылымдық деңгейлеріне мән берсек, қайталанбас асыл мұралар бар. Бұл мұралар осы уақытқа дейін қазақ жеріндегі бастауыш мектептердің тарихына айтылған көрініске пікірлер мен қазақ өлкесінде жүргізілген оқу-ағарту жүйесінің дамуы жөніндегі ойларды жаңаша мәліметтермен толықтыратыны күмәнсіз. Қазан төңкерісіне дейін Ресейлік патшалықтың отарлау саясатының бодауында болған, одан кейінгі кеңес өкіметі кезіндегі саяси және идеологиялық дербестігінен айрылған шакта қазақ ұлтының даму тарихын әсіресе, жас үрпакқа білім беру саласында өзіндік жүйесі болып із қалдырған түрлі оқу мекемелері мен орындарын толығымен жоққа шығаруы бастауыш білім берудегі кадими, жадидтік, ұлттық т.б. мектептер мен медреселер немесе оларды өздеріне тән етуі өткенімізді бүрмалауға апарды. Көрсетілген тарихи мерзімде қазақ жеріндегі бастауыш мектептің дамып қалыптасуын мектептің жаңа типтері, олардағы білім мазмұны мектеп қажеттерінің елеулі өзгеріске үшыраған уақыттарын деректі мұрағат құжаттарына сүйене отырып, үш кезеңге бөліп қорытындылауымызға тұра келді.

Бірінші кезең (1861-1890 жж.) отаршылдардың оқу-ағарт саласындағы жұмыстары, бастауыш орыс, орыс-қазақ (орыс-түзем немесе аралас) мектептердің пайда болуы және олардың мұсылмандық ескі оқу жүйедегі оқу орындарымен қосарлана дамуы.

Екінші кезең (1891-1916 ж.ж.) бастауыш орыс-қазақ мектептері қызметтінің дамуында окуды әр халыққа ана тілінде үйымдастыру мәселелері және мұсылмандық жана оқу жүйесі жадизмінің қалыптасып дамуы мен қазақ ұлттық бастауыш мектептерінің іргетасының қалануы.

Үшінші кезең (1917-1930 ж.ж.) Жадидтік оқу жүйесіндегі ұлттық қазак бастауыш мектептері және кеңестік қоғам құрылымындағы мектеп, ондағы білім берудегі жаңашылдық сипат.

Мұсылмандық дүниетанымға үйрету мен баулу, білім мен тәрбие беруге негізделген оқу мекемелерін, әсіресе, мұсылмандық ескі мектептер жөнінде сез қозғайтын болсақ, бұл әл-мәдрәсә әл-ибтидаи – (араб т. – бастауыш мектеп) балалардың білім алушының алғашқы сатысын қамтитын оқу орны болғанын байқаймыз. Оның негізгі мақсаты балаларға діни ережелерді үйрететін оқу және мұсылмандар арасындағы қарым-катынас жасау ережелерді орындауға

үйрететін. Дегенмен, көп кездесетін жайлардың бірі мұсылмандық мектептердегі балалардың ұлтына қарай ақындардың поэзиялық шығармаларын ана тілінде оқытылуы жүзеге асырылып отырған, сондай-ақ, мұнда арифметика мен жазуды үйретті. Алған білімдерін олар кейіннен жеке ісінде немесе тілшаштық немесе писарлық мамандығына пайдаланса, кейбіреулері мұндай бастауыш мектептерді бітіргеннен кейін, үлкен қалалардағы жоғары деңгейлі медреселерде окуын жалғастырып жатты.

Бұл жәдидтік мектептерде Араб филологиясы, яғни әліппеден бастап, наху, сарф, ғиму-л-асуат, араб-парсы әдебиегі; Ислам дініне қатысты шариғат негіздері, мұсылмандық парызыға үйрету, мұсылмандық құқықтары, занға кіріспе, мұрагерлік құқықтық, азыз, құранды түсіндіріп оку ережесі. Сонымен қатар логика, метафизика, эстетика, астрономия, арифметика сиякты пән ғылымдары оқытылды.

XIX ғасырдың ортасында Казақстан территориясында мұсылман мектептері мен медреселерде оқытушылардың басым бөлігі татар молдалары болды. Қазактың алдыңғы катарлы зиялыштары осы татар молдаларынан бастауыш білім алғыш, алғыс мекендерде мұсылмандық сауаттылықты таратқан. Бұл саяси үрдістің Казақстандағы мұсылмандық оқу-ағарту саласының дамуына мұрындық болған. Мәселен, қазактың тұнғыш ағартушыларының бірі Ш.Ш. Ұәлиханов та алғашында ауыл молдаларынан, татар мұдәрістерінен білім алғыш мұсылмандық оку жазуды мемгерген. Кейіннен жәдидшілдіктің негізін қалаушы, ағартушы Ш.Маржанимен танысады, оған ағартушылық енбегі үшін жоғары баға беріледі.

Жәдидшілдік қозғалыстың түркі халықтары арасында тарауы мен дамуы XX ғасырдың 20-жылдарының өзінде ғылыми зерттеулерге арқау болды. 1920-1930 жылдар аралығында жарық көрген ғылыми зерттеулерде татар ағартушыларының, зиялыштарының ғасыр басындағы азаттық қозғалысқа және 1917 жылғы қос революцияға қатысу барысы айқындалып, олардың қоғамдық саяси қызметтеріне баға берілді.

Исмаил Гаспринскийдің жәдидтік идеясын ағартушы Ахмет Байтұрсынұлы қолдап, оны өзінің жаңа қазақ жазуды пайдаланады. Біз оны Ахметтің 1912 жылы Орынбор қаласында басылып шыққан «Оқу құралы» атты кітабынан кере аламыз. Оған қоса ол өз кітабын (усули саутие) дыбыс әдісі жолымен жазғанын айтады және де оны Исмаил бейлін шығармалары негізінде деп көрсетеді [2,].

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетіндегі жәдидшілдік тақырыбына біршама әдебиеттің ғалымдар қалам тартып, олардың шығармашылықтарын зерделей келе ұстанған принциптеріне қарай әдеби бағыттарын анықтауға тырысқан. Белгілі ғалым Б.Кенжебаев бұл қаламгерлерді ұстанған бағытына қарай ағартушылар және ағартушы демократтар деп бөлсे [3, Б. 189-190], әдебиетші ғалым Ә.Әбдіманов «XX ғасыр басында үш әдеби бағыт болды. Олар: ағартушы ақын-жазушылар, ағартушы демократ ақын-жазушылар және буржуазияшыл-ұлтшыл ақын-жазушылар» – деп саралайды [4, 82 б.].

Осыған орай өзіміздің іікірімізді де айта кеткенді жөн санадық. XIX ғасырдың аяғына қарай қазақ оқығандарының арасында «қадимдік» және

«жәдидтік» деген екі бағыттың болғаны белгілі. Кейде осы қадимдік пен жадидтіктің тек қана араб жазу үлгілеріне апарып телу жайында да пікірлер көрініс береді. Мұндай көзқарасты тар мәғынада алынған жаңсақтау пікір деп ойлаймыз. Біздің ойымызша, қадимдік яғни, ескілік бүкіл ғылымды, білімді, дамуды тек ислам діні шеңберінде өркендеп, жетістікке жетеміз деген зиялы топ өкілдерінің бағыты. Олар фәнни ғылымдарды: физика, математика, жағрафия, техника және т.б. назарға алмады. Рухани дүние мен техниканы қатар дамығтай ілгерілеу болмайтынын түсінбеді. Соның кесірінен араб әлемі болсын, Осман империясы болсын Еуропа елдерінен артта қалып койды.

Осындаған себептер мен салдарларды сарапалап, ой елеғінен өткізген Шаһабуддин Маржани негізін салған «жәдидтік» ағым ислам шариаты негізінде фәнни ғылымдарды қатар игеру керектігін айтады. Қазан, Уфа қалаларының мектеп, медреселерінде жәдидтік бағытты насиҳаттап жаңаша оқудың негізі қаландады.

Қазақ ағартушыларының жәдидтікке көзқарасы жайында ғалым С.Дәүітұлы М.Кепеевтің ағартушылық қызыметі барысында жәдидтік идеяны қолдан, ез өмірінде белсенді түрде насиҳаттағаны жайында былай ой қорытады: «Өзі қөп жылдар бойы бала оқытты. Жәдидті қатты қолдан қуаттаған. Бұл сол кездің жаңа бағыттағы оку үлгісі еді. Ол осы оку үлгісін жай ғана жақтап қоймай, нақты іс-әрекет еткен» [5, 13 б.]. Сонымен қатар 1952-1972 жылдары Қазақстан қазыны болған Сәдуақас Фылмани «Арабша-қазақша сөздігінің» қолжазбасында өзінің ұстазы Ақтамақ қалпе атанған Ахмет қалпенің өсietін келтіреді: «Ұстазым Ахмет қалпе 1918 жылы Ақмола қаласында үшінші махалла ашып, соған имам болу үшін Уфа қаласына емтиханға барып, муфтиден шәһәдәтнәме алын қайтты. Сол жолында ол кісіге мен бардым. Бір сөтке жанынан жібермей: «Шырағым, мен сіздерді сынар көз, сынар қанатты ғып тәрbiелеппін. Ол түсінбеудің салдары. Мен Уфадан қөп фәнни кітаптар экеле жатырмын. Бұдан былай бірлесіп, дін ғылымын танығандай, дүние ғылымын да тануымыз міндет. *Мән мәтә уа ләм иагләм гилемә замәниhi мәтә митәтап джәнлиятән*» деген деп насиҳат айтты» [6, Б. 4-5].

Берілген араб нақыларының мәғынасы – кімде кім заманының ғылымын білмей дүниeden өтсе, сол қараңғы, надан болып өмірден өткен есепті. Демек, надандықпен күрестіп өткен Абайдан, халықты окуға шақырған Ыбырайдан бастап, ислам діні негізінде жаңаша дүние ғылымын менгеріп, заманға сай білім алуға уағыздаған барлық қазақ оқымыстыларын жәдидтік бағытты ұстанғандар деуге болады деп ойлаймыз. Олай болса, біздің пайымдауымызша, аталған кезеңдегі көркем әдебиеттегі бағытты:

- 1) Қадимдік бағыт;
- 2) Жәдидтік бағыт деп бөлуге болады.

Қадимдік бағыт дүние болмысын өзгертуеу, өркениетті мойындауы сипатында болса, жадидтік бағыт – өркениетті экелген жаңалықтарды игілік ретінде бағалап, жаңа дүниенің ғылымы ретінде танып, оны қабылдаған; ез заманына сай білім алушының көздеңген, надандықты ауыздықтау жолында құрал етіп

білімді қолдауды мақсат еткен, оқыған зиялыштардың жасаған көркем шығармаларының бағыты.

ХХ ғасыр басындағы қазак әдебиетінде кітаби ақындар деген атау алған зиялыштар шоғыры бар. Біздің ойымызша осы кітаби ақындар жаңа үлгідегі мектептер ашып, бала оқытып, жазған кітаптарын бастырып шығарумен айналысты. Бұл кітаби ақындарды араб, парсы әдебиетінің классикалық түшінділарын қазак жерінде жаңадан жаңғыртып жырлап, оларды кітап қылыш бастырып шығарғандыктан осылай атальп жүр деген ғылыми тұжырым бар [7, 201 б.]. «Кітаби ақындар» деген әдеби терминдегі «кітаби» сезінің генезисіне үндер болсак, арабтың «жазу» сезіне «и» көтістық сын есім жасайтын жүрнағы жалғану арқылы жасалған тұынды сөз екенин көреміз. Соңда ол тұынды сезіміз «жазба», «жазбаша» деген мағынаға ие болады. Ал осы әңгімеге арқау болып отырған «кітаби ақындарды» кезінде Шығыстың ескі кітаби сюжеттеріне байланыстырып, ертедегі «Таурат», «Інжіл» секілді дін кітаптарын насиҳаттап уағыздаушы діндарларға елікеп, тек діни шығармаларымен халықты мұсылманшылыққа үндеген деп оларға «кітаби» деп айдар таққан. Біздің ойымызша, ұлы Абай негізін қалаған жазба әдебиетті дамытуши ақындар: Жұсінбек Шайхысламов, Ақылбек Сабалұлы, Шәлі Жәнгіров, Ораз молда, Молда Мұса, Мақыш Қалтаев, Нұржан Наушабаев, Мәделі қожа, Әсет Найманбаев, Тұрмағамбет Ізтілеуов, Шораяктың Омары және т.б. қазак әдебиетін жанрлық, тақырыптық түрфыдан байыта отырып, адал махабbat пен адамгершілік идеясын уағыздайтын, халықтың мақсаты мен мұддесін көрсететін шығармаларды дүниеге әкелді. Бұл ақындардың шығармашылығын саралай отырып, профессор Ө. Күмісбаев оларды «кітабилық» сатыда қалып қоймай, өзіндік көркемдік ізденістерімен тұындыларын жоғары сапаға көтеріле билген және кітаби ақын деген аясы тарлау терминге тықпалауға болар маекен деп, бұл ақындардың өлеңдері мен көркем дастандарын «кітабилық» деңгейден анағұрлым жоғары екенін айттып өтеді [8, 58 б.].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Гаспринский И. Россия и Восток. – Казань: Фонд Жиен, Татарское книжное издательство, 1993. – с.132
2. 3. Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. – Алматы: Жазушы, 1986. – 398 б.
4. Әбдіманов Ө. ХХ ғасыр бас кезіндегі қазак әдебиеті. – Алматы: Қазақ университетті, 2002. – 430 б.
5. Дәүітұлы С. Мәшіһүр Жұсін Көпееев // Мәшіһүр Жұсіп Көпееев. II томдық. Таңдамалы. Т. 1. – Алматы: Ғылым, 1990. – 273 б.
6. Ғылмани С. Арабша-қазақша сөздік. (қолжазба)
7. Әдебиеттану терминдер сөздігі (құраст. З.Ахметов, Т.Шаңбаев). – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.
8. Күмісбаев Ө. Терен тамырлар. – Алматы: Ғылым, 1994. – 320 б.